

Семей қаласының жергілікті маңызды ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және қалаға әкімшілік-бағынышты елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2008 жылғы 20 маусымдағы N 8/73-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы Әділет басқармасында 2008 жылғы 28 шілдеде N 5-2-90 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2009 жылғы 20 ақпандағы N 15/112-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2009.02.20 N 15/112-IV шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы № 209 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 491 бабының 2 тармағына сәйкес Семей қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Семей қаласының жергілікті маңызды ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және қалаға әкімшілік- бағынышты елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін (қосымшаға сәйкес).

2. Қалалық мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2002 жылғы 27 қарашадағы № 24-3 «Семей қаласының жергілікті маңызды ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және қалаға әкімшілік-бағынышты елді мекендерде сыртқы(көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» (2002 жылғы 25 желтоқсанда № 1036, нормативтік құқықтық кесімдер мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген, 2002 жылғы 18 қазандағы «Семей таңы» газетінің № 42, 2002 жылғы 18 қазандағы «Семипалатинские вести» газетінің № 36 сандарында жарияланған) .

2) 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 12-5 «2002 жылғы 27 қарашадағы № 24-3 «Семей қаласының жергілікті маңызды ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және қалаға әкімшілік-бағынышты елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы» (2005 жылғы 27 қаңтарда № 2155, нормативтік құқықтық кесімдер мемлекеттік тіркеу Тізілімінде

тіркелген, 2005 жылғы 4 ақпандағы «Семей таңы» және «Семипалатинские вести» газетінің № 5 сандарында жарияланған).

3. Шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы Е. Сұлтанов

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы Қ. Мирашев

2008 жылғы 20 маусымдағы
N 8 / 73 - I V ш е ш і м і н е

қосымша

Семей қаласының жергілікті маңызды ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және қалаға әкімшілік-бағынышты елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары

Әрбір беті үшін жарнама алаңының көлемі (алаң шаршы метрмен)	Төлем сомасы (айлық есептік көрсеткіште)
1 ш.м.дейін	1 АЕК
1-ден 3 ш.м.дейін	2 АЕК
3-тен 5 ш.м.дейін	4 АЕК
5-тен 10 ш.м. дейін	6 АЕК
10-нан 20 ш.м.дейін	10 АЕК
20-дан 30 ш.м.дейін	16 АЕК
30-дан 60 ш.м.дейін	18 АЕК
60-тан жоғары	20 АЕК
10-нан 20 ш.м.дейінгі призматрон, онымен бірге бейнелеу	10 АЕК
1 ден 20 ш.м.дейінгі тұрақты объектілерге арналған автомобильдер жарнамасы (орнату)	28 АЕК

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы Қ. Мирашев

